

**Шуриева Айслу Бауржановнаның  
8D02304 – Филология білім беру бағдарламасы бойынша  
философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған  
«Еуразия кеңістігіндегі ақыздар мен әпсаналар»  
тақырыбындағы диссертациялық жұмысына шетелдік көнешшінің**

**ПІКІРІ**

Диссидент Шуриева Айслудың ғылыми зерттеу жұмысы Еуразия кеңістігіндегі топонимдік ақыздар мен әпсаналарды кешенді зерттеу, олардың халықтың шығармашылық өнері ретіндегі өзіндік ерекшелігін, поэтикасын талдауға арналған. Қазіргі таңда зерттеудің жаңа бағыты саналатын антропоөзектік парадигма негізінде топонимдерді зерттеу өзектілігі туындалған. Осы орайда, Еуразия кеңістігіндегі топонимдік ақыздар мен әпсаналарды зерттеу диссидент Шуриева Айслудың ғылыми жұмысына негіз болған.

Зерттеу Еуразия халықтарының фольклорына топонимдік ақызы, әпсана секілді топонимдік фольклордың жанрлық түрлерін енгізіп, бұл елдердің рухани мұрасы туралы теориялық түсінікті кеңейтеді. Жалпы рухани сәйкестікі қалыптастырудагы және мәдениетаралық қатынасты нығайтудағы топонимдік наративтердің ролін анықтауға ықпал етеді.

Топонимдік фольклорды географиялық тұрғыдан зерттеудің өзектілігі пәнаралық байланыспен және қазіргі қоғамдағы позицияның маңыздылығымен байланысты. Бір жағынан, топонимдік ақыздар мен әпсаналар – фольклордың көрінісі, қоғамның рухани-мәдени мұрасының құрамдас бөлігі. Олар өлкенің тарихы мен табиғатын көрсетеді, мәдениеті мен тілдік дәстүрін сақтайды. Екінші жағынан, топонимдік ақыздар «халық топонимикасының» бір бөлігі болып табылады. Олар географиялық атаулардың шығу тегін түсіндіреді және топонимдік аумақтық жүйелермен тығыз байланысты.

Диссертацияның бірінші бөлімінде топонимдік ақыздар мен әпсаналарды талдауға негіз болатын іргелі ұғымдар қарастырылды. Берілген құбылысты зерттеу үшін қолданылатын негізгі теориялық тәсілдер сипатталды. Топонимдік ақыздарды Еуразия халықтарының мәдени мұрасының маңызды болігі және олардың бірегейлікті қалыптастырудагы ролі ретінде қарастыруға ерекше назар аударылды. Еуразиялық кеңістікте топонимдік фольклордың қалыптасуы мен сақталуына ықпал еткен алғышарттар зерттелді.

Екінші бөлімде топонимдік ақыздар мен әпсаналардың құрылымы, сюжеттік негіздері, орындалу ерекшелігі мен таралу ареалы талданды. Ғылыми жұмыста топонимдік ақыздардың танымдық мәні, әпсаналарда көрініс беретін гажайытылық сипаттар кеңінен қарастырылды. Олардың маңызы және көркемдік талғам қабылдаудың қалыптасуына әсері

зерделенді. Ұлыбритания, Германия, Армения, Әзіrbайжан және Қазақстанның қамти отыра Еуразияның әртүрлі елдерінің топонимдік аңыздары мен әпсаналарына салыстырмалы талдау жүргізілді.

Осы негізде диссертациялық жұмыстың құрылымдық бөлімдері бір-бірімен логикалық байланысқан. Диссертацияның мазмұны диссертацияның тақырыбын, мақсаты мен міндеттерін толықтай ашып түр.

Көрғауға ұсынылып отырған жұмыстың ғылыми жаңалығы мен негізгі ғылыми-теориялық нәтижелері келесідей: топонимдік аңыздар мен әпсаналарды халық шығармашылық өнерінің озық үлгісі ретінде қарастыра отырып, олардың танымдық, мекендік, ақпараттық және эстетикалық қырларын жан-жақты ашады. Сонымен қатар, халықтың тарихи сапасында сақталған топонимдердің этнографиямен тығыз байланыстырығы туралы жаңа мәліметтер бере отырып, этнографиялық теорияга айтарлықтай үлес қосады.

Аталмыш диссертациялық жұмыстың нәтижелері топонимдік фольклор бағыттарының ғылыми-теориялық негіздерін қалыптастыруда тың әрі жаңа зерттеу деп бағалаймыз.

Ұсынылып отырған ғылыми жұмыстың мазмұна на сәйкес зерттеу нәтижелері Скопус базасында тіркелген ғылыми журналдарда, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапандың қамтамасыз ету комитетінің тізіміндегі журналдарда, халықаралық ғылыми конференция материалдарында жарияланған.

Жоғарыда айтылған ғылыми негіздемелерді ескере отырып, диссертациялық жұмыска берілетін ғылыми қорытынды: Шуриева Айслу Бауржановнаның «Еуразия кеңістігіндегі топонимдік аңыздар мен әпсаналар» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы «8D02304 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қойылатын таланттарға толықтай сәйкес келеді. Шуриева Айслу Бауржановна «8D02304 – Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру лайық деп есептейміз.

**Шетелдік ғылыми кеңесші,**

Анкара Хаджи Байрам

Вели университетінің профессоры, PhD

**Наджие Йылдыз**

Анкара, Түркия

28.04.2025

